

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 сәуірдегі)**

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 76 филиалдары мен 77 өкілдіктері бар. 2006 жылғы наурызда зейнетақы жарналарын тарту және жинақталған зейнетақы жарнасын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" ЖЗҚ АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ" АҚ және «БТА Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі" АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2006 жылғы наурызда 62 286 (0,8%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 7 813 203 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 29,66%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,21%, «ҰларҮміт» – 15,32%, «Валют-Транзит қор» - 8,84% және «БТА Қазақстан» – 7,76% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,79% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың наурыз айында 137 (0,42%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 521,9 млн. теңгені құрап 32 551 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" – 60,34%, «ҰларҮміт»- 18,52% және "Капитал" – 12,97% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 91,83% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 646, дербес зейнетақы шоттарда 21,3 млн.теңге болды. Наурыз айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 17 (0,47%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.04.05ж.	01.04.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 180 753	7 813 203	632 450	8,81
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 538	32 551	2 013	6,59
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	2 993	3 646	653	21,82

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты наурызда 20 448 млн.теңгеге (2,95%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 713 999 млн. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

(млрд.теңге)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.04.02 ж.	200,4	72,2	56,32
01.04.03 ж.	288,4	88,0	43,91
01.04.04 ж.	389,5	101,1	35,06
01.04.05 ж.	518,5	129,0	33,12
01.04.06 ж.	714,0	195,5	37,70

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2005 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 4,58 проценттік тармаққа ұлғайып 37,70% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 189 191 млн. теңге немесе 26,5%, "МЖЗҚ" – 131 125 млн. теңге немесе 18,36%, "ҰларҮміт" – 130 032 млн. теңге немесе 18,21%, «БТА Қазақстан» – 60 496 млн.теңге немесе 8,47% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 48 269 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,76%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,30% келді.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ақпанда 7 660 млн. теңгеге (4,27%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 187 045 млн.теңге болды.

Мынаны атап кеткен жөн ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айында таза инвестициялық кірістің өсімі барлық 2005 жылғы өсімнің жалпы сомасының 31,9 млрд.теңге немесе 79% болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.04.2002 ж.	55,3	18,9	51,92	27,59
01.04.2003 ж.	80,5	25,2	45,57	27,91
01.04.2004 ж.	100,0	19,5	24,22	25,67
01.04.2005 ж.	125,4	25,4	25,40	24,19
01.04.2006 ж.	187,0	61,6	49,12	26,19


Көрсетілген кестеде 2004 жылғы 1 сәуірден бастап инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 1,18 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 23,72 проценттік тармаққа ұлғайып 49,12% болды.

Таза инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда 12,3 млрд.теңге болғанын немесе 3,6 есеге өскенін атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 26,19% болды немесе үлесі наурызда 0,32 проценттік тармаққа өсті.

Наурыз айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 13 580 млн. теңгеге (2,53%) өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 549 294 млн. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Ағымдағы жылғы наурызда 133 млн.теңгеге немесе 3,25% өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 4220 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері наурызда 985 млн.теңгеге (2,56%) өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 39 391,5 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 39 249,2 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 113,5 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,2 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 28,6 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2006 жылғы 1 сәуірдегі


жинақталған зейнетақы қаражаты 102 861 млн. теңге болды немесе 2006 жылғы наурызбен салыстырғанда 3,03% өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 49,02%, «Ұлар Үміт» - 13,03% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,36% және «БТА Қазақстан» - 6,59% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз» - 5,62% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 84,62% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы бірінші тоқсанда 65 551 млн. теңгеге немесе 10,08%-ке өсіп 715 750 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 сәуір және 2006 жылғы 1 сәуір аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 17,5 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-пен
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	60 350	8,43
АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	48 333	6,75
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 017	1,68
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	60 549	8,46
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 499	0,35
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	17 624	2,46
"СЕНИМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 099	4,21

"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 327	1,44
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	14 052	1,96
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 052	1,96
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	34 606	4,84
"Валют-Транзит Қор" Жинақтаушы зейнетақы" АҚ	34 606	4,84
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 833	2,35
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 833	2,35
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	130 329	18,21
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	130 329	18,21
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	17 109	2,39
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	17 109	2,39
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	131 263	18,34
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	61 008	8,52
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	189 651	26,50
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	715 750	100,00

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап кезеңде 76 648 млн. теңгеге немесе 12,07%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 711 590 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.04.2006	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	210 954	29,65
ҚР еврооблигациялары	3 920	0,55
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	150 124	21,10
Ұлттық Банктің ноттары	56 834	7,99
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	76	0,01
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	35 407	4,98
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	2 928	0,41
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	32 479	4,57
Тазартылған алтын	279	0,04
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	3 540	0,50

акциялар	28 054	3,94
облигациялар, оның ішінде	5 165	0,71
АҚШ долларына номинирленген	310 794	43,68
теңгеге номинирленген	90 761	12,76
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	220 033	30,92
акциялар	3 390	0,48
облигациялар	215 588	30,30
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	117 397	16,50
жиынтығы:	711 590	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап салыстырғанда 1 902 млн. теңгеге немесе 0,89%-ке азайды және 210 954 млн.теңге немесе 29,65% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 2006 жылғы бірінші тоқсанда 50 773 млн. теңге немесе 19,53% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 5 057 млн.теңгеге немесе 4,50%-ке өсіп 117 397 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,50% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 28 054 млн. теңге (3,94%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 4,98% болды.

Қорларды номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы наурыздағы – 2006 жылғы наурыздағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 сәуірдегі номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 22,76% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 18 039,4 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 7620,8 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 42,2% болды. Жалпы алғанда 2006 жылғы наурызда қорлардың меншікті капиталы 2 451,8 млн.теңгеге немесе 15,7%-ке өсті.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қалыптасқан резервтік капиталдың көлемі 1 760,5 млн.теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 9,8% болды. Ағымдағы жылғы наурызда резервтік капиталы 323,6 млн.теңгеге (22,5%) өсті.

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурыз айларында 4 қорларда шығындар болды: «Валют-Транзит Қор», «Д.А. Қонаев атындағы», «Қорғау» және «Капитал» қорлары жалпы сомасы 35,7 млн, теңгеге және 10 қорлар жалпы сомасы 4 550,3 млн.теңге таза кіріс алды. 2006 жылғы 1 сәуірдегі таза кірістің жалпы сомасы 4 514,6 млн.теңге болды. Кірістің ең көп сомасы «БТА Қазақстан» - 44,6%, «Қазақстан Халық Банкі» - 37,4%, «Ұлар Үміт» - 10,8% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 92,8% болды.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 938,2 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 4,9% болды.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 12 438,3 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 69,0% болды. 2006 жылғы наурызда қаржы инвестицияларының көлемі 2 910,7 млн.теңгеге немесе 30,6%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3164,1 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 25,44%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 4607,5 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 37,04%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 3345,6 млн. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 26,90%) және «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 1321,1 млн.теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 10,62%) орналастырды.